

Тұжырымдамалық жазба:

Өңірлік Экологиялық Саммит 2026: орнықты болашақ үшін жалпы пайым

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас ассамблеясының 78-ші сессиясында Біріккен Ұлттар Ұйымымен және халықаралық ұйымдармен әріптестікте **2026 жылы Өңірлік экологиялық саммитті** өткізу туралы ұсынысқа бастамашы болды. 2025 жылы бұл бастама Астана халықаралық форумын өткізу және БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің қатысуымен Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму саласындағы мақсаттар жөніндегі БҰҰ өңірлік орталығының ашылу рәсімі барысында одан әрі растауға ие болды.

I. Өңірлік экологиялық саммит 2026 өзімен нені білдіреді, оның мақсаттары мен міндеттері?

Өңірлік экологиялық саммит 2026 Орталық Азия елдерінің климаттың өзгеруі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы күш-жігерін біріктіру үшін негізгі тұғырнама болады. Ол биоәртүрлілікті қорғауды, тозған жерлерді қалпына келтіруді, табиғи ресурстарды орнықты басқаруды, экожүйені дамытуды және экологиялық ағартуды қоса алғанда, басым тақырыптардың кең ауқымын қамтиды.

Саммиттің мақсаты - климаттық және экологиялық сын-қатерлерді еңсеруге, тәуекелдерді болдырмауға және тұрақтылықты нығайтуға өңірлік тәсілді көрсететін келісілген **жұмыс істейтін** шешімдер мен тетіктерді әзірлеуді көздейді. Саммиттің климаттық және экологиялық күн тәртібі **өзара байланысты және бөлінбейтін ретінде** қарастырылатын болады.

Бастама сондай-ақ *Green Central Asia* сияқты қайталаусыз іске асырылып жатқан өңірлік және халықаралық бағдарламаларды күшейту мен үйлестіруге және елдер мен әріптестер арасында жаңа синергияларды қалыптастыруға бағытталған.

Саммит үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың, даму институттарының, жеке сектордың, ғылыми қоғамдастықтың, азаматтық қоғам мен жастардың диалогы мен өзара іс-қимылының алаңына, сондай-ақ өңірлік бастамаларды таныстыру және практикалық шешімдерді ілгерілету үшін бірегей кеңістікке айналады.

Өңірлік экологиялық саммит Орталық Азия елдерінің **өңірлік ынтымақтастығының** шарықтау шегі болады, ол **өңірдің климаттық қаржыландыруға деген нақты қажеттіліктерін бүкіл әлемге көрсетуге**, климаттың өзгеруіне қарсы күресте бірлескен тәсілдер мен тетіктерді әзірлеуге, **экологиялық проблемаларды шешуге және өңірдің тұрақтылығын нығайтуға** бағытталған.

II. Бүгінгі Орталық Азия: климаттық және экологиялық тәуекелдер мен бірлікке апаратын жолдар

Соңғы 115 жыл ішінде Орталық Азия елдерінде орташа жылдық температураның айтарлықтай өсуі байқалады, атап айтқанда Қырғызстанда - +2,1 °С, Тәжікстанда - +3,3 °С, Қазақстанда - +5,7 °С, Өзбекстанда - +12,2 °С, Түрікменстанда - +15 °С.¹ Тіпті жаһандық жылынуды 1,5 °С дейін шектегенде де 2050 жылға қарай өңірдегі температураның 2-2,5 °С өсуі болжанып отыр.²

Аталған фактор елеулі мынадай: ауыл шаруашылығы өндірісінің ~ 10% -ға қысқаруы, өрт қауіптілігінің (2080 жылға қарай 13%-ға дейін) ұлғаюы, 2100 жылға қарай қар жауын-шашынының 26%-ға төмендеуі сияқты тәуекелдермен ұштасады.³

Сонымен бір мезгілде экожүйелердің тозу, топырақтың шөлейттенуі мен сарқылу процестері, әсіресе жайылымдық, орманды және таулы аудандарда күшейеді. БҰҰ-ның соңғы деректері бойынша Орталық Азиядағы жердің жалпы алаңының **20% -дан** астамы тозуға ұшыраған, бұл шамамен **80 млн.** гектарға баламалы. Бұл жағдай өңір халқының шамамен **30%-ын** қамтиды⁴.

Су және жер ресурстарына антропогендік қысым өсуде, биоэртүрлілік төмендеуде және сумен жабдықтау, ауыл шаруашылығы және халықтың денсаулығы үшін қажетті экожүйелік қызметтер жоғалуы байқалады. Өңірдегі халықтың өсуін ескере отырып, өндіріс және тұтыну қалдықтарының өсуі байқалады.

Осыған байланысты Орталық Азия елдері үшін мыналарға байланысты бірқатар мәселелер туындайды:

а) Жүйелі және үйлестірілген тәсіл қажеттілігі

Климаттық және экологиялық тәуекелдердің күрделі және өзара байланысты сипаты мыналарға бағытталған кешенді және келісілген шараларды талап етеді:

- Қоршаған орта мен климатқа антропогендік әсер етулерді азайту.
- Экономикалардың тұрақтылығын және олардың сыртқы әсерлерге бейімделу әлеуетін арттыру.
- Шығындар мен нұқсанның алдын алу, жеңілдету және өтеу тетіктерін әзірлеу.
- Азық-түлік, су және энергетикалық қауіпсіздікті қолдау үшін табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету және экожүйелік

¹ World Bank Group, 2021. *Climate Change Knowledge Portal – Europe and Central Asia*. <https://climateknowledgeportal.worldbank.org/region/europe-central-asia>

² As noted by the President of Kazakhstan in a statement at the World Climate Action Summit during COP28 in Dubai.

³ IPCC, 2021: *Climate Change 2021: The Physical Science Basis. Contribution of Working Group I to the Sixth Assessment Report of the Intergovernmental Panel on Climate Change* [Masson-Delmotte, V., P.Zhai, A.Pirani, S.L.Connors, C.Péan, S.Berger, N.Caud, Y.Chen, L.Goldfarb, M.I.Gomis, M.Huang, K.Leitzell, E.Lonnoy, J.B.R.Matthews, T.K.Maycock, T.Waterfield, O.Yelekçi, R.Yu, and B.Zhou (eds.)]. Cambridge University Press, Cambridge, United Kingdom and New York, NY, USA.

⁴ 4 Орталық Азия жерінің бестен бір бөлігі құлдырауда деп БҰҰ-ның жаңа деректері куәландырады: <https://www.unccd.int/ru/news-stories/press-releases/over-one-fifth-central-asias-land-degraded-new-un-data-warns>

қызметтерді сақтау.

- Әлеуметтік тұрақтылықты нығайту және жергілікті қоғамдастықтарды бейімдеу және орнықты даму процестеріне тарту.

Өңір елдері климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту және оларға бейімделу жөніндегі ұлттық стратегияларды әзірледі. Алайда, алда тұрған міндеттерді шешу одан әрі үйлестірілген күш-жігерді және өңірлік ынтымақтастықты тереңдетуді талап етеді.

b) Бірлескен іс-қимылдар үшін басым бағыттарды айқындау

- Климаттық бейтараптыққа қол жеткізуді және экономиканың бейімделу әлеуетін арттыруды қоса алғанда, орнықты даму саласындағы ұлттық жоспарларды іске асыруды жеделдету.

- Халықтың денсаулығы мен экожүйелерді сақтау үшін қалдықтарды тиімді басқару және ауаның, судың және топырақтың ластануын болдырмау.

- Тозған жерлерді, табиғи экожүйелерді қалпына келтіру және экологиялық қауіпсіздік ретінде биологиялық әртүрлілікті сақтау.

- Орнықты өсуді қамтамасыз ету, өңірлердің осалдығын төмендету және халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін климаттық, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық күн тәртібін интеграциялау.

c) Өңірлік ынтымақтастық үшін мүмкіндіктерді кеңейту

- Климаттық, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық бастамаларды іске асыру үшін халықаралық қаржыландыру мен инвестицияларды жұмылдыру.

- Деректерді ерте ескерту мен алмасудың өңірлік жүйелерін құруды қоса алғанда, табиғи және техногендік апаттар тәуекелдерін бірлесіп басқару.

- Келісілген шешімдерді әзірлеу және жалпы өңірдің тұрақтылығын арттыру үшін ынтымақтастықтың институционалдық тетіктерін нығайту.

III. Өңірлік экологиялық саммит процесі қандай тақырыптарға назар аударады?

Өңірлік экологиялық саммит 2026 және оның процесі мынадай негізгі бағыттарға бағытталатын болады.

1. Климаттық өтуді қолдау

Сипаттама: Орталық Азия елдері үшін жаһандық климаттық мақсаттарға қол жеткізу үшін парниктік газдар шығарындыларын төмендетудің экономикалық тиімді тәсілдерін және өңірлік ынтымақтастық тетіктерін әзірлеу аса маңызды. БАӘ (COP28) консенсусы шеңберінде жаңартылатын энергия көздерінің әлемдік қуатын үш есеге арттыру және 2030 жылға қарай энергия тиімділігін екі есеге арттыру міндеті қойылды, бұл өңір үшін бағдар белгілейді.

Орталық Азияның энергетикалық балансы қазба отынға тәуелді болып қалады (мысалы, көмір - Қазақстанда 72%, табиғи газ - Өзбекстанда 75% және Түрікменстанда 100%)⁵, бұл ретте өңірдің метан шығарындыларын азайту және баламалы энергетиканы дамытудың жоғары әлеуетіне ие. Өңір күн және жел энергетикасының аса жоғары әлеуетіне ие.⁶ Сонымен қатар оларды жаңғырту және кеңейту үшін **электр желілеріне**, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін интеграциялау үшін **энергия жинақтауыштарға** инвестиция салу қажеттілігі бар. Сонымен бір мезгілде, тиісті жағдайларда **төмен көміртекті сутекті** игеру әлеуеті өңірдің өнеркәсіптік секторын декарбонизациялауға үлес қосуы мүмкін.

Бұдан басқа, **энергия тиімділігі** бүкіл өңір үшін ортақ проблема болып табылады. Өңір экономикасының жалпы энергия сыйымдылығы ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда орта есеппен 2,4 есе жоғары, бұл энергия тиімділігін арттыру үшін елеулі мүмкіндіктерді көрсетеді.

Электр желілерін жаңғырту, энергия жинақтаушыларды интеграциялау және төмен көміртекті инновациялар мен технологияларды пайдалана отырып, алюминий мен цемент өндірісі сияқты «қиын» салаларды декарбонизациялау қажеттілігі түйінді сын-қатерлер болып отыр.

Мақсат: Жаһандық климаттық мақсаттарға және БАӘ Консенсусына (COP28) сәйкес парниктік газдар шығарындыларын қысқарту, жаңартылатын энергия көздеріне көшу, энергия тиімділігін арттыру және төмен көміртекті өнеркәсіпті дамыту үшін өңірлік ынтымақтастыққа жәрдемдесу.

2. Экологиялық және табиғи тәуекелдерге бейімделу және экономикалық орнықтылық

Сипаттама: Климаттың өзгеруіне бейімделу және өңір экономикаларының тұрақтылығын арттыру Орталық Азия үшін маңызды мәнге ие. Климаттық өзгерістердің салдары қазірдің өзінде байқалады: табиғи апаттар жыл сайын шамамен 10 млрд АҚШ доллары сомасына зиян келтіріп, 3 млн-ға жуық адамның өміріне әсер етеді.⁷ Климаттық апаттар жылдық экономикалық өсімді жан басына шаққанда 1-2 пайыздық тармаққа азайтады.⁸

Неғұрлым осал секторларды, қоғамдастықтар мен экожүйелерді қорғау үшін бейімдеу, ұлттық және өңірлік бейімдеу жоспарларын әзірлеу жөніндегі жаһандық мақсатты іске асыруға өңірлік тәсілдер қажет. Сондай-ақ бейімделудің орнықты дамудың басқа да бағыттарымен - климаттық салдарды жұмсартумен, ормандарды, су ресурстарын басқарумен және дүлей

⁵ United Nations ESCAP, the UN Special Programme for the Economies of Central Asia, n.d. *Energy Development in Central Asia: A statistical overview of energy sectors in Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkmenistan, and Uzbekistan.* https://www.unescap.org/sites/default/files/Central%20Asia%20Statistical%20Perspective%202018_WEB.pdf

⁶ Ibid

⁷ Global Facility for Disaster Reduction and Recovery (2016). *Europe and Central Asia: Country Risk Profiles for Floods and Earthquakes.* The World Bank Group, Washington DC, USA.

⁸ International Monetary Fund, 2022. *Feeling the Heat: Adapting to Climate Change in the Middle East and Central Asia. Departmental paper. DP/2022/008* [prep.by Duenwald, Christoph, Yasser Abduh, Kerstin Gerling, and Vahram Stepanyan, and including Lamiae Agoumi, Abdullah AlHassan, Gareth Anderson, Anja Baum, Mehdi Benatiya Andaloussi, Chen Chen, Sahra Sakha, Sergejs Saksonovs, Faten Saliba, and Jesus Sanchez]. International Monetary Fund, Publication Services, Washington DC, USA.

зілзалалардың тәуекелдерін төмендетумен өзара байланысын ескеру маңызды. Климаттық өзгерістердің салдарларын басқару және оларды барынша азайту жөніндегі өңірлік тетікті құруды қоса алғанда, **шығындар мен залалды болдырмау тетіктеріне** ерекше назар аударылатын болады.

Қоршаған ортаның жай-күйі нашарлаған жағдайда, **мұздықтардың еруінің өткір проблемасын қоса алғанда, таулы экожүйелерді сақтау** саласындағы күш-жігерді үйлестіру ерекше маңызға ие болады. ЮНЕСКО деректері бойынша, 70 жыл ішінде Қырғызстандағы мұздықтардың көлемі 16% -ға қысқарды, ал Тәжікстанда соңғы отыз жылда мыңнан астам мұздық жойылып кеткен. Ғалымдардың болжамдары бойынша: 2023 жылы беделді Science ғылыми журналында жарияланған зерттеуге сәйкес, Орталық Азия мұздықтарының шегінуі **жеделдеуі** және 2035-2055 жылдары өзінің шыңына жетеді деп күтілуі алаңдатушылық туғызып отыр.⁹

ӨЭС 2026 қазіргі заманғы цифрлық және геоақпараттық технологияларды қолдана отырып, тау ортасының жай-күйін мониторингілеу мен бағалаудың бірлескен бағдарламаларын дамыту тетіктерін талқылауға мүмкіндік береді.

Тау-кен қоғамдастықтары мен осал экожүйелерді климаттық өзгерістерге бейімдеу бойынша мемлекетаралық білім алмасуды, үздік практикалар мен технологияларды жандандыру өңірлік тәсілдің ажырамас бөлігі болуға тиіс. Бұл әсіресе су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экономикалардың өсіп келе жатқан климаттық қатерлерге тұрақтылығын арттыру үшін маңызды.

Мақсат: Орталық Азия қоғамдастықтарының, экономикалары мен экожүйелерінің климаттық тәуекелдерге тұрақтылығын арттыру үшін, шығындар мен залалды болдырмауға және азайтуға, тау экожүйелерін сақтауға, мұздықтардың тез еруіне бейімделу жөніндегі шараларды әзірлеуді қоса алғанда, өңірлік және ұлттық тәсілдерді әзірлеу және келісу.

3. Азық-түлік қауіпсіздігі және өңірдің экожүйесі

Сипаттама: Азық-түлік қауіпсіздігі - аштықпен күресте, тұрақты дамуды қолдауда және әлеуметтік дағдарыстардың алдын алуда сындарлы рөл атқаратын басты жаһандық басымдықтардың бірі. COP27 және COP28 жерлердің тозуын, биологиялық әртүрліліктің қысқаруын және су теңгерімінің өзгеруін қоса алғанда, сыртқы сын-қатерлерге бейімделуге қабілетті тұрақты азық-түлік жүйелеріне көшудің маңыздылығы атап өтіледі¹⁰.

Орталық Азияда бұл сын-қатерлер әсіресе өткір. Жер жағдайының нашарлауы, өнімділіктің төмендеуі, су тапшылығы және ауыл шаруашылығы экожүйелерінің тозуы азық-түлік қауіпсіздігіне және ауылдық аумақтардың тұрақтылығына нұқсан келтіреді. Бұл, өз кезегінде, **мәжбүрлі климаттық негізделген көші-қон** факторларының біріне айналып отыр.

⁹ Мұздықтардың еруі: Орталық Азия қауіп-қатер аймағында: <https://courier.unesco.org/ru/articles/tayanie-lednikov-centralnaya-aziya-v-zone-riska>

¹⁰ FCCC/CP/2022/10/Add.1

Аграрлық аудандарда күнкөріс қаражатын жоғалту ең алдымен өмір сүру мен жұмыспен қамтудың неғұрлым тұрақты жағдайларын іздестіру үшін халықтың, ең алдымен еңбекке қабілетті адамдардың кетуіне әкеп соғады. Көші-қон ағындарының өсуі қабылдаушы аудандардағы азық-түлік жүйелеріне, әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылымға елдер ішінде де, жалпы өңір деңгейінде де қосымша қысым көрсетеді.

Осылайша, **азық-түлік дағдарысы мен климаттық көші-қон осалдықтың қатал шеңберін** қалыптастыра отырып, бір-бірін өзара күшейтеді. Өндірістік әлеуеті мен адами капиталын жоғалтқан ауылдық қоғамдастықтар қалпына келу қабілеті төмендейді, ал қабылдаушы өңірлер ресурстар мен тіршілікті қамтамасыз ету жүйелеріне қосымша жүктемемен бетпе-бет келеді.

Осыған байланысты азық-түлік жүйелерінің тұрақтылығы аграрлық немесе экологиялық ғана емес, әлеуметтік және демографиялық басымдық ретінде де қарастырылуы тиіс. Бір мезгілде азық-түлік қауіпсіздігін нығайтатын және көші-қон қысымының тәуекелдерін төмендететін, көшірілген адамдардың интеграциясын қолдайтын және бастапқы және қабылдаушы аумақтардың орнықтылығын арттыратын саясатты әзірлеу маңызды.

Мақсат: Өңірлік ынтымақтастықты дамыту, табиғи ресурстарды басқаруды интеграциялау және климаттық және көші-қон тәуекелдерін кешенді есепке алу арқылы Орталық Азияда орнықты, экологиялық және әлеуметтік теңгерімді азық-түлік жүйелерін қалыптастыруға жәрдемдесу. Бұл азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, мәжбүрлі көші-қонның жаңа толқындарының алдын алуға және осал аумақтардың орнықты дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді.

4. Табиғи ресурстарды орнықты басқару

Сипаттама: Өсіп келе жатқан антропогендік және климаттық қысым жағдайында экожүйелерді сақтау және табиғи ресурстарды орнықты басқару мәселелері Орталық Азия үшін ерекше маңызға ие болып отыр. Өңір жердің қатты тозуына, биоалуандылықтың жоғалуына, ауыл шаруашылығы ландшафтарының тұрақтылығының төмендеуіне тап болады. Өңір шөлейттену қаупі жоғары аймаққа, әсіресе құрғақ және тау бөктеріндегі аудандарға кіреді. Мекендеу ортасының жоғалуы жекелеген экожүйелердегі түрлердің үштен біріне дейін қысқаруына әкеледі.

Өңірдің екі ірі экологиялық дағдарысы - **Арал теңізінің** табиғи құлдырауының жаһандық символына айналған қайғылы оқиғасы және **Каспий теңізі деңгейінің тұрақты төмендеуі** ерекше алаңдаушылық туғызады, ол жағалау экожүйелеріне, биоалуандылыққа және экономикалық қызметке айтарлықтай әсер етіп отыр. 2001 жылдан бастап Каспийдің солтүстік-шығыс жағалауы **50 шақырымнан астам шегінді**, нәтижесінде су бетінің мыңдаған шаршы километрі құрлыққа айналды. Дүниежүзілік банктің деректері бойынша, соңғы 120 жылда Ақтау (Қазақстан) порты ауданындағы

су деңгейі Балтық биіктік жүйесі бойынша -26,0-ден -29,5 м дейін ауытқыған, бұл ретте ең төменгі деңгей 2025 жылдың басында тіркелген. Соңғы отыз жылда Каспий теңізіндегі су жылына орта есеппен 10 см азайып келеді. Теңіз деңгейі 5 метрге төмендеген кезде Қазақстан экологиялық және биологиялық маңызы бар жағалау аумақтарының 60% дейін жоғалтуы мүмкін; 10 метрге төмендеген кезде табиғи мекендеу ортасына қауіп төндіріп және оларды сақтау жөніндегі күш-жігерді бүлдіріп, шығындар 80% -дан асуы мүмкін¹¹. Каспий теңізіне Еділ өзені бойынша халықаралық кеме қатынасы үшін қол жеткізу де теңіз деңгейінің 5 м төмендеуімен сындарлы әсер етеді.

Каспий теңізі Аралдың тағдырын қайталамауы тиіс. Оның экологиялық болашағы өңірлік және халықаралық деңгейлерде шұғыл және үйлестірілген реакцияны талап етеді.

Өңірдегі ірі трансшекаралық өзендердің - Әмудария мен Сырдарияның (Дүниежүзілік банк, 2019) сулылығының төмендеуі қосымша проблема болып қалып отыр, бұл суды реттеуді қиындатады және елдер мен секторлар арасындағы ресурстар үшін бәсекелестікті күшейтеді.

Табиғи ресурстарды тұрақты басқару проблемалары - **Саммит күн тәртібінің негізгі бағыттарының бірі**. Ол экожүйелерді қорғау мен қалпына келтіру, су ресурстарын ұтымды және біріктірілген басқару саласында үйлестірілген өңірлік диалог пен үздік тәжірибемен алмасу үшін тұғырнама ұсынады. **Арал және Каспий теңіздерін сақтау мен қалпына келтіру, трансшекаралық ынтымақтастықты нығайту** және экологиялық қатерлерге мониторинг пен ден қоюдың орнықты тетіктерін құру жөніндегі бірлескен және шұғыл іс-қимылдарды айқындау пікірталастардың маңызды бөлігі болады.

Мақсат: Өңірдің экологиялық тұрақтылығын, азық-түлік қауіпсіздігін және климаттық тұрақтылығын арттыру үшін негіз ретінде табиғи ресурстарды қорғау және ұтымды пайдалану бойынша келісілген және орнықты өңірлік күн тәртібін қалыптастыру. Арал және Каспий теңіздерінің одан әрі құлдырауын болдырмауға және оларды Орталық Азиядағы миллиондаған адамдардың өмірі тәуелді болатын шешуші экожүйелер ретінде қалпына келтіруге жәрдемдесуге ерекше назар аударылатын болады.

5. Атмосфералық ауаның ластануына қарсы күрес және қалдықтарды басқару

Сипаттама: Айналым экономика (АЭ) экономикалық өсуді, табиғи ресурстарға тәуелділікті төмендетуді және қалдықтарды қысқартуды біріктіруге ұмтылатын Орталық Азия елдері үшін орнықты дамудың негізгі бағытына айналуға. Қайта өңдеу көрсеткіштері мен ресурстық тиімділігінің төмен болуына қарамастан (Дүниежүзілік банк, 2024)¹² өңір, әсіресе құрылыста, агро-

¹¹ Каспий теңізінің азаюы жағалаудағы қоғамдастықтарға, биоалуандылыққа және Қазақстанның өнеркәсібіне қауіп төндіреді: <https://asianecology.kz/tpost/29xkno8lp1-umenshenie-kaspiiskogo-morya-ugrozhaet-p>

¹² Тұйық цикл экономикасы: Орталық Азия үшін мүмкіндік – Жиынтық баяндама (Russian). Washington, D.C.: World Bank Group. <http://documents.worldbank.org/curated/en/099052024074541821>

өнеркәсіпте және қалалық басқаруда АЭ-тәсілдерін масштабтаудың жоғары әлеуетіне ие.

Халықаралық контекст те АЭ дамуына серпін береді. Мәселен, 2025 жылы Базель, Роттердам және Стокгольм конвенцияларының тараптары конференциясының тақырыбы - «Көзге көрінбейтін нәрсені көрсету: химиялық заттар мен қалдықтарды экологиялық қауіпсіз басқару» - Париж келісіміне үлес ретінде қалдықтар мен химиялық заттарды басқарудың маңыздылығын көрсетеді. БРС-конвенциялары қауіпті қалдықтардың пайда болуын болдырмау, химиялық заттармен қауіпсіз жұмыс істеу және орнықты өндіріс үшін практикалық құралдарды ұсынады.

Пластика жөніндегі халықаралық міндетті шартты әзірлеу ерекше маңызға ие болады, ол экологиялық дизайнды енгізуді, өнімнің құрамын реттеуді және орау мен таңбалау стандарттарын дамытуды талап етеді.

Сонымен бір мезгілде аймақтағы ең өткір проблемалардың бірі - **атмосфералық ауаның ластануына**, оның ішінде трансшекаралық сипаттағы ластануға назар аударылады. Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша Орталық Азиядағы ауаны ластанудың негізгі көздері тұрмыстық жылытуда, өнеркәсіп пен көлікте қазба отынды жағу, сондай-ақ шаңды және құмды дауылдар болып табылады. Соңғылары ауаның жиынтық ластануының **25%**-ын құрауы мүмкін. Өңірдің ірі қалаларында, әсіресе қыста PM2.5 бөлшектерінің шоғырлануы ДДҰ ұсынған нормалардан **6-12 есе** асып түседі. Бұл халықтың денсаулығына тікелей әсер етеді және тиімді шешімдерді жедел енгізуді талап етеді.

2026 жылғы өңірлік экологиялық саммит Орталық Азия мемлекеттерінің айналмалы экономикаға жүйелі көшу және ластану деңгейін төмендету жөніндегі күш-жігерін біріктіру үшін бірегей тұғырнама ұсынады.

Мақсат: Орталық Азия елдерінің нормативтік және институционалдық база құру, қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту, стандарттарды үйлестіру және трансшекаралық ынтымақтастықты кеңейту арқылы айналмалы экономикаға өтуіне жәрдемдесу. Сондай-ақ көлік пен өнеркәсіпті декарбонизациялау, шаңды дауылдардың алдын алу және экологиялық мониторингті жақсарту жөніндегі бірлескен стратегиялар арқылы ауаның ластануын қысқарту жөнінде тиімді шаралар қабылдау.

6. Экологиялық амбицияларға қол жеткізу тетіктері

Сипаттама: Орнықты даму саласындағы стратегиялар мен жоспарларды іске асыру үшін нақты және практикалық тетіктер жасамай Орталық Азияда экологиялық мақсаттарға қол жеткізу мүмкін емес. Өңірлік жоспарды әзірлеуді және орнықты қаржыландыру құралдарын пайдалануды қоса алғанда, **технологиялар трансферті мен «жасыл» қаржыландыруды** жұмылдыру басым бағыттарға айналады. Өңір елдерінің халықаралық экологиялық бастамалар мен тетіктерге қатысуы маңызды элемент болып табылады (мысалы, Париж келісімінің нарықтық тетіктерінде (6-бап)), бұл нарықтарды құрудың әлеуетін бағалауды және ТАССС (ашықтық, дәлдік,

толықтық, салыстырмалылық және дәйектілік) қағидатына сәйкес мониторингтің, есептіліктің және верификациялаудың сенімді ұлттық жүйесінің (MRV), сондай-ақ шығарындыларды түгендеу жүйелерінің болуын талап етеді.

Мақсат: ашықтық пен есептілікті арттыру үшін орнықты қаржыландыруды, технологиялар трансфертін, нарықтық тетіктер мен MRV жүйелерін дамыту арқылы өңірдің экологиялық саясатын іске асыру үшін құралдар жасау және нығайту.

7. Әділ және инклюзивті өңірлік өту

Сипаттама: Орталық Азияда орнықты дамуға көшу әлеуметтік инклюзивті болуы, неғұрлым осал топтарды қорғауды қамтамасыз етуі және әйелдерді, жастарды, ауыл халқын қоса алғанда, барлығы үшін тең мүмкіндіктер жасауы тиіс.

Мысалы, Қазақстанда 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің мақсатты бағдарымен экономиканы декарбонизациялау «жасыл» секторларда жаңа жұмыс орындарын құруды да, дәстүрлі салаларда, ең алдымен қазба отын секторында жұмыспен қамтуды біртіндеп қысқартуды да көздейді.

Мұндай трансформация кешенді тәсілді талап етеді: субсидияларды реформалау, көміртегі шығарындыларына баға белгілеу тетіктерін енгізу, сондай-ақ халықты әлеуметтік қорғаудың, қайта біліктіліктің және бейімдеудің тиімді құралдарын дамыту. Еңбек нарығындағы гендерлік ауытқуларды жоюға және әйелдердің экономиканың тұрақты секторларындағы оқытуды, жұмыспен қамтуды және кәсіпкерлікті қоса алғанда, «жасыл» көшу шеңберінде жасалатын мүмкіндіктерге қолжетімділігін кеңейтуге ерекше назар аударылуы тиіс.

Гендерлік теңдік - орнықты және әділ болашақтың негізгі элементі. Әйелдердің климат, экология және әлеуметтік саясат мәселелері бойынша шешім қабылдауға қатысуын арттыру, сондай-ақ оларды «жасыл» трансформацияға толыққанды тартуды қамтамасыз ету қоғамдастықтардың тұрақтылығын күшейтуге және қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, осы бағыт жергілікті халық пен қоғамдық ұйымдарды шешімдер қабылдауға тарту тетіктерін дамытуды қоса алғанда, экология, климат және жұмыспен қамту мәселелері бойынша ұлттық және өңірлік деңгейлерде сындарлы әлеуметтік диалогқа жәрдемдесуді көздейді.

Өңірлік экологиялық саммит 2026 осал топтарды қорғау, «жасыл» экономикада жұмыс орындарын құру және қайта біліктілік бағдарламаларын дамыту, гендерлік теңдік пен әлеуметтік әріптестік қағидаттарын ілгерілету бойынша ауқымды өңірлік диалогты іске қосу үшін мүмкіндік болады.

Мақсат: әйелдер мен жастарды қоса алғанда, осал топтарды қорғау, жаңа жұмыс орындарын құру, әлеуметтік саясатты дамыту, гендерлік теңдікті нығайту және «жасыл» экономика мен әлеуметтік әділеттілік мәселелері бойынша

кең ауқымды қоғамдық диалогты ынталандыру арқылы өңір халқы үшін орнықты дамуға көшудің әлеуметтік-экономикалық салдарларын барынша азайту.

8. Орнықты болашақ үшін экологиялық және цифрлық құзыреттер

Сипаттама: Орталық Азия бүгінде экологиялық, әлеуметтік және экономикалық сын-қатерлерге тиімді ден қою үшін қажетті экологиялық және цифрлық құзыреті бар мамандардың, азаматтар мен көшбасшылардың жаңа буынын қалыптастырудың өткір қажеттілігімен бетпе-бет келеді. Сонымен бір мезгілде өңірге экологиялық проблемаларды шешу және орнықты экономиканы дамыту үшін цифрлық шешімдерді, оның ішінде жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалана отырып, жүйелі түрде жасау және енгізу талап етіледі.

Экологиялық мәдениетті, орнықты дағдылар мен цифрлық сауаттылықты дамыту өңірдің инклюзивті және орнықты болашағын құру үшін негізгі шарт болып табылады. Алайда, білім беру жүйелерінің, цифрлық трансформацияның және қоғамның тартылу әлеуеті жүйелік бағдарламалардың, қазіргі заманғы технологияларға қолжетімділіктің шектелуінің, білікті кадрлардың тапшылығының, өңірлік деңгейде үйлестірудің әлсіздігінің және медиа кеңістікте төмен өкілдіктің болмауынан жеткілікті іске асырылмай отыр.

Экологиялық және цифрлық құзыреттерді қалыптастыру - бұл білім беру ғана емес, сонымен қатар жауапкершілікті, көшбасшылық қасиеттер мен іс-қимылға дайындықты дамыту. Сонымен қатар, инновациялық цифрлық платформаларды, алгоритмдер мен ЖИ құралдарын әзірлеу табиғи ресурстарды тиімді басқарудың, экологиялық тәуекелдерді мониторингтеу мен болжаудың, сондай-ақ жасыл экономиканы құрудың катализаторы болуы мүмкін.

Өңірлік экологиялық саммит 2026 осы бағыттарды Орталық Азияның орнықты және әділ өтуі үшін стратегиялық ретінде тану үшін маңызды тұғырнама бола алады.

Мақсат: экологиялық және цифрлық құзыреттерді дамыту, халықтың хабардарлығын арттыру және бір мезгілде экологиялық сын-қатерлерді еңсеруге және жасыл өсуді ынталандыруға бағытталған цифрлық шешімдер мен ЖИ технологияларын жасай және енгізе отырып, тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру.

IV. Өңірлік экологиялық саммитке 2026 дайындық қалай ұйымдастырылады?

Өңірлік экологиялық саммитке 2026 дайындық теңдік, инклюзивтілік, синергия және ұзақ мерзімді өңірлік өзара іс-қимыл қағидаттарына негізделетін болады. Негізгі мақсаты қазіргі өңірлік бастамаларды біріктіру және олардың тиімділігін күшейту, басымдықтарды келісу және Орталық

Азиядағы экологиялық және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жеделдетуге бағытталған жаңа бірлескен тәсілдерді әзірлеу болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды орнықты басқару, биологиялық әртүрлілікті сақтау, су және азық-түлік қауіпсіздігі, сондай-ақ климаттық және экологиялық тәуекелдерге бейімделу саласындағы ағымдағы және перспективалық бағдарламаларды/бастамаларды келісуге ерекше назар аударылатын болады.

Саммитке даярлық барысында мыналар **жоспарланып отыр:**

- бірлескен тәсілді нығайту және өңірлік жобалардың нақты пулын қалыптастыру мақсатында барлық мүдделі тараптардың - үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың, ғылыми мекемелердің, жеке сектордың және азаматтық қоғамның күш-жігерін шоғырландыру;
- түйіндесу нүктелерін анықтау және әрекеттерді жеделдетудің бірлескен құралдарын жасау мақсатында қолданыстағы бағдарламалар мен бастамаларды талдау және ықпалдастыру;
- 2026 жылдан кейінгі кезеңге арналған өңірлік ынтымақтастық тетіктерін қоса алғанда, Саммиттің тұжырымдамалық негізін әзірлеу.

Дайындық процесін Орталық Азияға арналған Климаттың өзгеруі және жасыл энергетика жөніндегі жобалау кеңсесі үйлестіретін болады, ол күш-жігердің байланыстылығын және барлық негізгі әріптестермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін жұмыс органы рөлін атқарады.

Саммит 2026 ақырғы нүктеге айналмайтынын, керісінше, ол Орталық Азияның орнықты болашағы мен кейінгі ұрпақтың игілігі жолындағы ұзақ мерзімді өңірлік ынтымақтастықты тереңдету үшін трамплин қызметін атқаратынын атап өту маңызды.